

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Шымкент университеті

«Педагогика және психология» кафедрасы

БЕКІТЕМІН

Оқу ісі жөніндегі проректор
п.ғ.к., аға оқытушы Қозбагарова Б.

« _____ » _____ 2016 ж.

МІНДЕТТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫ

Мамандық атауы:	Музыкалық білім
Мамандық шифры:	5В010600
Дайындау бағыты:	Білім
Берілетін дәреже:	Музыкалық білім мамандығы бойынша білім бакалавры

**5B010600 – Музыкалық білім мамандығы бойынша
міндетті пәндер каталогы**

Пәндер циклдары ның қысқаша аталуы	Пәндер мен оның негізгі бөлімдерінің аталуы	Кредит көлемі және сағат саны
1	2	3
ЖБП	Жалпы білім беру пәндері	33(1485)
МК	Міндетті компонент	33 (1485)
ККЗТ 1101/ СІК 1101	<p>Қазақстанның қазіргі заман тарихы Пререквизит: жоқ Постреквизит: жоқ Күтілетін нәтиже: Мазмұны: XXғ. Бірінші жартысындағы Қазақстан. Кеңестер билігі тұсындағы Қазақстан. Қазақстандағы 1917 жылғы Ақпан буржуазиялық-демократиялық революциясы. Қазақстан шетел интервенциясы мен азамат соғысы жылдарында (1918-1920 жылдар). Қазақстандағы жаңа экономикалық саясат. Өлкедегі кеңестік мемлекеттік құрылыс. Қазақстан Ұлы Отан соғысы кезінде 1941-1945жж. 1946-1970 жылдардағы Қазақстанның қоғамдық экономикалық жағдайы. 1970-1980 жж. Қазақстан Ғылыми-техникалық прогрестің өндірісіне енгізіле бастауы. Тәуелсіз Қазақстан. Қазақстанның әлеуметтік-экономикалық дамуы. Реформалардың сәтсіздікке ұшырауы және дағдарыстың өршуі. Қайта құру жылдарындағы Қазақстан саясатының негізгі кезеңдері және оның сипаттамасы. Қазақстан қайта құру мен тәуелсіздік жолында. Қазақстан Республикасының жариялануы. Қазақстан – тәуелсіз егеменді мемлекет. Саясат саласындағы стратегиялық мақсаттар. ҚР мемлекеттік рәміздерінің қабылдануы. Жаңа сайлау жүйесінің қабылдануы.</p>	3 (135)
Fil 2102	<p>Философия Пререквизит: Қазақстанның қазіргі заман тарихы Постреквизит: жоқ Күтілетін нәтиже: Мазмұны: Философия мәдениет феномені ретінде. Философия пәні және қызметтері. Мәдени – тарихи контекстегі философия. Мәдениет контексіндегі философияның тарихи типтері. Ежелгі үнді философиясы шығыс мәдениетінің феномені ретінде. Қытай мәдениетінің гүлденуі кезіндегі ежелгі Қытай философиясы. Антика мәдениетіндегі философия. Ортағасырлық мәдениеттегі философия фонемені. Ислам мәдениеті аясындағы арап-мұсылман философиясы. Батыс Еуропалық орта ғасырлық мәдениеттегі философия және дін</p>	3 (135)

	<p>фонемені. Қайта өрлеу және реформация мәдениетіндегі философия. Жаңа заман мәдениетіндегі батыс еуропалық философия. XIX ғасырдың екінші жартысындағы мәдениеттегі батыс еуропалық философия. Орыс философиясы XIX-XX ғ.ғ.ғ ресейлік мәдениеттің феномені ретінде. Қазақ мәдениетіндегі философия феномені. XX ғ мәдениетіндегі Кеңестік философия. XX ғ. және XXI ғ аясындағы батыс философиясы. Болмыс философиясы. Философиялық антропология. Әлеуметтік философия. Мәдениет философиясы. Махаббат философиясы. Дін философиясы. Тарих философиясы. Саясат философиясы. Білім беру философиясы.</p> <p>Диалектика теориясының мәселелері.</p> <p>Эпистемология. Ғаламдық (жаһандық) мәселелердің философиясы.</p>	
АКТ 1105	<p>Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар (ағылшын тілінде)</p> <p>Пререквизит: Шетел тілі</p> <p>Постреквизит: жоқ</p> <p>Күтілетін нәтиже: Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар пәнінен алған дағдыларын оқу барысында және өндірісте қолдану.</p> <p>Мазмұны: Ақпараттық-коммуникативтік технологиялар пәні, объектісі және құрамдас бөліктері. Ақпаратты көрсету формалары. Сан жүйелері. Сандарды аудару әдістері; Екілік арифметика: Дескратизация ұғымы, белгіленген және жылжымалы үтірлі сандармен арифметикалық операцияларды орындау. Тілдер үшін объектілер және процестерді кескіндеу тәсілі. Қазіргі заманғы есептеу техникасының құрылысы. Ақпаратты компьютерде беру. Бульдік алгебра және логикалық схемасы. Логикалық схемалар және логикалық машиналар. Компьютердің негізгі блоктарының элементтерінің негіздерін ұйымдастыру процессордың архитектуралық ұйымдасуы. Компьютердің жадын ұйымдастыру, программаны басқару принципі, функционалдық және құрылымдық компьютерді ұйымдастыру мәліметтерді өңдеудегі желілік технологиялар.</p> <p>Программалауға кіріспе. Есептерді алгоритмдеу негіздері. Алгоритмдер (типтер, қасиеттері, беру тәсілдері). Алгоритмдік структуралар. программалауды оқыту тілдері. жалпы қызметтік программалау тілдері. Қолданбалы программалау мен қамтамасыз ету, ақпаратты өңдеу. Берілгендер базасын басқару жүйесі. Компьютерлік желілер, желілік және телекоммуникациялық технологиялар. Желілер жөнінде жалпы мағлұмат, компьютерлердің желілік қарым-қатынасының қажеттілігі. Ақпаратты қорғау негіздері. Ақпараттық қауіпсіздік және оның құрамалары. Ақпараттық процестерге заңсыз енуден қорғау. Ұйымдастыру шаралары, ақпараттық қорғаудың инженерлік техникалық және де басқаша әдістері. Локалдық компьютерлік желідегі ақпараттық қорғау, антивирустық қорғаным.</p>	3 (135)

ShT 1103/ІҮа 1103	<p>Шетел тілі Пререквизит: жоқ Постреквизит: Кәсіби бағытталған шетел тілі Күтілетін нәтиже: Оқу: таныстыру, анықтамалық, шолып оқу дағдысының қалыптасуы. Сөйлеу: оқылған тақырыптар көлемінде монолог пен диалогты дамыту шеберлігі. Жазу: тізбекті ой жүйесін жеткізу, тұжырымдамалар мен шығармалар, жеке және іскерлік мәндегі хаттар жазу дағдысын жетілдіру. Мамандыққа байланысты шетел тіліндегі мәтіндерді ана тіліне тілдік нормаларға сай аудару. Тыңдау: күнделікті кездесетін, ақпараттық, кәсіптік мәндегі хабарларды тыңдау арқылы қабылдау. Мазмұны: Оқытылатын шетел тілінің фонетикалық, орфографиялық, лексикалық, грамматикалық нормалары. Фонетика: шетел тілінің айтылу, ырғақтық – интонациялық ерекшеліктері, дыбыстық жүйенің рецепциясы мен репродукциясы. Орфография: тілдің дыбыстық – әріптік жүйесі, негізгі орфографиялық ережелер. Лексика: сөзжасам модельдері;көлемі негізгі тілдің 2500 бірлігін құрайтын лексикалық минимум, сонымен қатар мамандықтың профиліне сай терминдер; қолданыс кеңістігіне сай лексиканың дифференциясы. Грамматика: негізгі сөз таптары - - зат есім, сын есім, үстеу, етістік, артикль, есімдік, предлог; жай сөйлем мен құрмалас сөйлемдердің құрылымы, сөзжасамның негізгі модельдері.</p>	6 (270)
К(О)Т 1104	<p>Қазақ (орыс) тілі Пререквизит: жоқ Постреквизит: Кәсіби қазақ (орыс) тілі Күтілетін нәтиже: Мазмұны: Халықаралық стандарттарға негізделген орыс тілді меңгерудің В1 - В2 - кәсіби бағдарлы деңгейі; С1 - алынады.Орыс тілінің жалпы қолданыстағы сөздер мен сөз тіркестерінің лексикалық минимумын кеңейту, грамматикалық формалар мен құрылымдарды қолданыс деңгейі дәрежесінде меңгерту. Мамандық бойынша лексикалық және С2 - мамандық тілі деңгейі басшылыққа терминологиялық минимум-дарды меңгерту. Сөйлеу қызметінің әртүрлі типтерін (әңгімелеу, мазмұндау, ақпарат беру) құру. Грамматикалық формалар мен құрылымдарды функ-ционалды аспектіде қолдану. Әлеуметтік-тұрмыстық және кәсіби саладағы өңделген қиын емес прагматикалық мәтіндерді, ауызша және жазбаша түрдегі монолог пен диалогтарды, әртүрлі сойлеу қызметі түрлерін (сөйлеу, тыңдау, оқу, жазу) тақырып бойынша өңдеу. Кәсіби оқу тілін дамыту: Мамандық бойынша оқу мен тыңдау дағдыларын қалыптастыру, әдебиеттен конспектілей білу. Диа-логтар мен монологтар, оқулықтар мен лекциялар мәтіндеріне сәйкес кәсіби-оқу тақырыптары бойын-ша әртүрлі ғылыми-оқу мәтіндерін құру. Сөйлеудің негізгі құрылымдық- мағыналық түрлерін: моно-лог-сипаттау, монолог-мазмұндау, монолог-</p>	6 (270)

	талқы-лау, диалог-әңгіме, диалог-сұхбат түрлерін жедел-детіп (интенсивті) оқыту. Ғылыми-кәсіби тілдің белсенді, жалпылама, кең көлемді болуын, яғни жан-жақтылығын дамыту.	
ТК 1.2	Таңдау бойынша компонент	7 (315)
БП 2	Базалық пәндер	69 (2880)
МК 2.1	Міндетті компонент	20 (900)
МТ 1201	<p>Музыка теориясы Пререквизит: жоқ Постреквизит: Сольфеджио Күтілетін нәтиже: Мазмұны: Дыбыс, оның физикалық және музыкалық қасиеттері. Регистр. Дыбыс қатары. Музыкалық дыбыстардың аталаулары. Ноталар жазылуы. Ноталардың ұзақтықтары. Кілттер Альтерация белгілері. Дыбыс-тардың әнгармонизмі. Паузалар (музыкалық үзілістер). Екі дауысты жазулар. Метроритм (өлшем және ырғақ) туралы түсінік. Өлшем. Такт. Такт сызығы. Затакт. Интервал. Лад және тональдік. Мажорлық және минорлық тональ-діктер. Квинталық шеңбер. Халық музыкасының ладтары. Пентатоника. Аккордтар. Үшдыбыстық (трезвучие). Үшдыбыс-тықтың түрлері. Септаккорд. Доминантсептаккорд және оның айналымдары. Кіріс септаккордтар. Туысқан тональдіктер. Модуляция. Тональдікті анықтау. Транспозиция. Хроматизм. Альтерация. Әуен және оның ерекшеліктері. Құрылым. Кезең. Сөйлем. Фраза. Мотив.</p>	3 (135)
Ped 2202	<p>Педагогика Пререквизит: Қазақстанның қазіргі заман тарихы. Постреквизит: Тәрбие жұмысының теориясы мен әдістемесі, Күтілетін нәтиже: Мазмұны: Адамзат тарихында білім берудің, мектептің және педагогикалық ой-пікірлердің дамуы. Педагогика тарихы мен білім берудің теориялық-әдіснамалық негіздері. Адамзат дамуының ерте кезеңінде тәрбиені ұйымдастыру формаларының туындауы. Ежелгі әлем. Ежелгі Шығыс және Көшпенді өркениет мемлекеттеріндегі тәрбие мен оқыту. Антикалық дәуірдегі білім берудің ерекшеліктері. Орта ғасыр дәуірі. Византиядағы педагогикалық ой-пікірдің дамуын оқыту. Орта ғасырда Индия мен Қытайдағы оқыту мен тәрбие. Таяу Шығыста, Орта Азиялық Ренессанс және Алтын Орда дәуірінде білім беру мен педагогикалық идеялардың дамуы (VI-XV ғ.ғ.) Европа мен Америка елдері тарихындағы білім беру, мектеп және педагогикалық ой-пікірлер. Ресей тарихындағы ағартушылық пен мектептің дамуы. Кеңестік кезеңдегі білім беру жүйесі мен педагогика ғылымы. Қазақстан тарихында мектептің, тәрбие мен педагогикалық ой-пікірлердің дамуы (XV-XVIII ғғ. Қазақ хандағы кезеңі). Қазақстандағы XIX-XXғ.ғ. білім беру мен педагогика ғылымы. Ғасырлар тоғысындағы білім беру</p>	3 (135)

	<p>жүйесі. Педагогиканың теориялық-әдіснамалық негіздері. Педагогика адам тәрбиесі туралы ғылым ретінде. Жеке тұлғаны дамытуға, қалыптастыруға, тәрбиелеуге, әсер ететін факторларға сипаттама және олардың әр түрлі жастағы топтарда көрінуі. Мұғалімнің зерттеушілік мәдениеті – оқу – тәрбие үдерісі нәтижелілігінің шарты. Тұтас педагогикалық теориясы мен практикасы. Тұтас педагогикалық үдерістің (ТПҮ) мәні және құрылымы, оның заңдары мен заңдылықтары. Тәрбиенің мақсаты, оның әлеуметтік тұрғыдан негізделуі. Ғылыми дүниетаным – оқушының интеллектуалды дамуының негізі. Тұтас педагогикалық үдерістегі тәрбиенің мәні мен мазмұны. Тәрбие үдерісінің формалары мен әдістері, құралдарының жүйесі. Балалар ұжымы – тәрбиенің объектісі және субъектісі. Сынып жетекшісі – сыныптың тәрбиелік жүйенің ұйымдастырушы. Отбасы тәрбиесінің негіздері. Тұтас педагогикалық үдерістің құрылымындағы оқыту. Қазіргі мектептегі білім мазмұны. Оқыту формалары, әдістері мен құралдары. Оқушылардың оқу жетістіктерін диагностикалау және тестілеу. Оқушылардың тұтас педагогикалық үдерістегі танымдық іс-әрекетін белсендіру. Білім берудегі инновациялық үдерістер және мұғалімнің кәсіби іс-әрекетіндегі педагогикалық технологиялар. Мектептің тұтас педагогикалық үдерісін басқару. Тұтас педагогикалық үдерісті ұйымдастырушылық-әдістемелік басқару, мектеп шеңберінде мұғалімдердің біліктілігін арттыру және оларды аттестациялау. Мектептің тұтас педагогикалық үдерісін диагностикалау және жоспарлау. ҚР-да 12 жылдық орта білім беру моделіне көшу жағдайындағы білім беруді басқарудың жаңа тәсілдері.</p>	
Psi 2203	<p>Психология Пререквизит: жоқ Постреквизит: жоқ. Күтілетін нәтиже: Мазмұны: Психологияның пәні, салалары, міндеттері және әдістері. Психологияның әдіснамалық принциптері. Психика және сана. Тұлға және іс-әрекет. Қазіргі тұлға туралы теориялар. Әлеуметтік-психологиялық құбылыстар. Арақатынас. Арақатынастың түрлері мен функциялары. Топ және ұжым. Кіші топтарды зерттеу әдістері. Танымдық психикалық үрдістер. Тұлғаның эмоциялық-еріктік аймағы. Тұлғаның даралық-типологиялық ерекшеліктері. Онто-генездегі психиканың жас ерекшелігіне қатыс-ты даму заңдылықтары. Тұлғаның мектепке дейін-гі, бастауыш сынып, жеткіншек және жасөспірім жас шақтарындағы психикалық дамуы. Баланың психикалық дамуындағы оқыту мен тәрбиелеудің жетекші рөлдері. Білім және даму психологиясының өзекті мәселелері.</p>	3 (135)
КМТ 2204	<p>Қазақ музыкасының тарихы Пререквизит: Музыка теориясы Постреквизит: жоқ Күтілетін нәтиже: Мазмұны: Қазақ музыкасының даму кезеңдері. Көне түркі</p>	4 (180)

	<p>дәуіріндегі музыка өнерінің даму ерекшеліктері. Музыка мәдениетіні синкреттілігі. Орта ғасырлардағы музыкалық мәдениет. Қазақ хандығы дәуіріндегі музыка. XIX ғасырдағы ғасырдағы халықтық-кәсіби музыка мәдениеті. Аспаптық музыка. Өншілік өнер. Қазақтың мәдениетінің көне кезеңіндегі музы-каның рөлі және орны. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың бас кезіндегі қазақтың музыкасы. XX ғасырдың 30-жылдарында кәсіби музыка өнерінің дамуы. Ұлы Отан соғысы мен 50-жылдардағы қазақ-тың кәсіби музыка мәдениеті. 60-70 жылдардағы қазақтың музыкасы. XX ғасырдың аяғы мен XXI ғасырдың басындағы қазақтың музыкасы. Балаларға арналған қазақтың халықтық және кәсіби шығармалары.</p>	
МРОА 3205	<p>Музыка пәнін оқыту әдістемесі Пререквизит: педагогика, психология</p> <p>Постреквизит: педагогикалық практика, музыка мұғалімінің орындаушылық шеберлігі.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Студенттерді жалпы білім беретін мекемелерде музыка мұғалімі ретінде болашақ музыкалық-педагогикалық қызметке даярлау, оқушыларды оқыту мен тәрбиелеу әдістемесін, әдісін, тәсілдерін игеру болып табылады.</p> <p>Мазмұны: «Музыка пәнін оқыту әдістемесі» курсы болашақ музыка мұғалімдерінің қалыптасуында практикалық қызметте дайындауда жетекші рөл атқарады. Курс мазмұны «Музыка» пәнінен дәріс беру ерекшеліктерін, оқушылар арасында сыныптан және мектептен тыс музыкалық жұмыс түрлерін ұйымдастыру жөніндегі ғылыми-теориялық және әдістемелік білімдерін қамтиды. «Музыка пәнін оқыту әдістемесі» пәні студент бакалаврларды музыка мұғалімі ретінде болашақ педагогикалық қызметке дайындайтын түйінді пән болып табылады.</p> <p>Критерийдің мазмұны: Пәннің басты мақсаты жалпы білім беретін мектептегі музыка сабағы мен сыныптан тыс музыкалық іс шараларда оқу-тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруға жас мамандарды әдістемелік тұрғыдан сапалы дайындау.</p>	3 (135)
КК(О)Т 3206/ РК(Р)Үа 3206	<p>Кәсіби қазақ (орыс) тілі Пререквизит: Орыс тілі. Постреквизит: жоқ</p> <p>Күтілетін нәтиже: студенттерді орыс тіліндегі музыкалық-теориялық, музыкалық-тарихи, музыкалық- орындаушылық курстар мазмұнымен таныстыру болып табылады</p> <p>Мазмұны: «Кәсіби қазақ орыс тілі» жоғары музыкалық-педагогикалық оқыту жүйесіндегі маңызды пәндердің бірінен саналады. Пән маңызды үш тілді жүйенің енгізілуіне байланыстылығын музыка мұғалімдерін кәсіби тұрғыдан даярлау ісі музыка мұғалімінің музыкалық-теориялық, музыкалық-тарихи, музыкалық білім берудің педагогикасының мүмкіндіктерін орыс тілінде білуді қамтиды. «Кәсіби қазақ орыс тілі» жоғары музыкалық-педагогикалық, музыкалық тарихи орыс тіліндегі</p>	2 (90)

	категориялық-түсінік аппаратын мүмкіндік береді. Қазақтілді студенттер үшін музыкалық-педагогикалық мұра негіздерін орыс тілінде игерудің ерекше маңызы бар. Музыкалық педагогика ғылымдардың төл ортасында түрлі концепциялар мен проблемалық тұрғыдан жана форматтағы кәсіби мұғалімдер игерудің мәселесі тұрады	
KBShT 3207	<p>Кәсіби бағытталған шетел тілі</p> <p>Пререквизит: Шетел тілі</p> <p>Постреквизит: жоқ</p> <p>Күтілетін нәтиже:</p> <p>Мазмұны: А1 минималды-жеткілікті деңгей – (жалпыеуропалық құзырлық шкаласы бойынша А1 деңгейіне сәйкесуі): <i>Қарым-қатынастың ауызша және жазбаша нысандар ауықымында:</i> мәліметтерді жеткізу, әңгімелесушіге ақпарат беру даярлығы, қызығу, сұрау; <i>Диалог ауқымында:</i> дайындалған сөйлеу негізінде пікірлерімен алмасу; <i>монологты сөйлеуде:</i> жай фразалармен тұрғылықты жерін, күн тәртібін және т.б. суреттеу, өзі туралы, өзінің әрекеттері мен қызығушылықтары туралы қысқа ақпарат жасау; <i>Жазбаша қарым-қатынаста:</i> жай фразалармен туған-туысқандарын, қоршаған адамдарды, олардың жұмыстарын, үйлерін (пәтерін) және т.б. суреттеу; <i>Тыңдап түсіну ауқымында:</i> мақсаттарды, күнделікті қолданылынатын сөздерді, оқытушының жай қысқа нұсқауларын түсіну; <i>оқу кезінде:</i> оқытылатын тіл еліндегі адамдардың күнделікті өмірлерін реттейтін прагматикалық мәтіндерді оқу; .</p>	2 (90)
ТК 2.2	Таңдау бойынша компонент	49 (2205)
КП 3	Кәсіптендіру пәндері	32 (1440)
МК 3.1	Міндетті компонент	5 (225)
MMOSh 4301	<p>Музыка мұғалімінің орындаушылық шеберлігі (Негізгі музыкалық аспап)</p> <p>Пререквизит: Негізгі музыкалық аспап (фортепиано, домбыра, баян, аккордеон). Хор класы және хормен жұмыс практикумы</p> <p>Постреквизит: жоқ.</p> <p>Күтілетін нәтиже: Аспапта ойнау шеберлігін дамыту, таңдалған педагогикалық іс-әрекетке теориялық және практикалық дайындылығын тереңдету.</p> <p>Мазмұны: «Музыка мұғалімінің орындаушылық шеберлігі» жетекші пәндерді біріктіретін кешенді болып табылады, ол музыкалық аспап және хорды дирижердау. Бұл пәндер студенттердің асқан шеберлікпен аспапта ойнауды талап етеді. Музыкалық аспапта ойнауды үйрету жалпы білім беретін мектептердің оқушыларын музыкалық өнер қазыналарын меңгеруде әңгіме, ән айту, дыбыстық жазулардың көмегімен ғана емес, музыкалық шығармаларды «жанды» орындау, сонымен қатар ұжымдық жеке музыка шығару жолымен оқушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту үшін белгілі бір аспапта ойнауды үйрете алатын құзыретті болашақ маманды дайындауға мүмкіндік береді.</p>	2 (90)

MMOSh 4301	<p>Музыка мұғалімінің орындаушылық шеберлігі (Негізгі музыкалық аспап) Пререквизит: Негізгі музыкалық аспап (фортепиано, домбыра, баян, аккордеон). Хор класы және хормен жұмыс практикумы Постреквизит: жоқ. Күтілетін нәтиже: Мазмұны: «Музыка мұғалімінің орындаушылық шеберлігі» жетекші пәндерді біріктіретін кешенді болып табылады, ол хорды дирижердау. Музыка мұғалімін кәсіби дайындау жүйесінде негізі рөл атқарады. Хор партитураларының, хордың дыбысталуының ауқымды мүмкіндіктерін түрлі көркем тәсілдерін терең ұғыну мен толық және жан-жақты оны қабылдауды қамтамасыз етеді. Вокалдық хор пәндерімен, музыкаға студенттерді оқыту нәтижесінде қол жеткізеді.</p>	3 (135)
ТҚ 3.2	Таңдау компоненті	27 (1215)
	Теоретикалық оқытудың барлығы:	129
ОҚТ	Оқытудың қосымша түрлері	
МК	Міндетті компонент	14-тен кем емес
ДШ	<p>Дене шынықтыру Пререквизит: жоқ Постреквизит: жоқ Күтілетін нәтиже: Дене шынықтырудың мағынасы мен мазмұнын, организмнің психофизикалық ерекшеліктерін, дене жағдайының диагностика критерийлерін білу. Дене қасиетімен қимыл-қозғалыс мүмкіншіліктерін қолдана білу. Мазмұны: Денсаулық туралы түсінік, мәні, мазмұны, критерийлері, факторлары. Шынығу деңгейінің жағдайы мен көрсеткіштері. Заманауи сауықтыру жүйелерінің және құралдарының сипаттамасы. Дене шынықтыру бойынша кәсіп білім және практикалық дағды. Психореттейтін жаттығу.</p>	8